



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ»

**МАГИСТРАТУРАҒА КЕШЕНДІ ТЕСТІЛЕУ МЕН  
ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУ ЕМТИХАНЫНА  
ӨТІНІШТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ**

АСТАНА, 2022

# МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСУ ҮШІН КЕШЕНДІ ТЕСТІЛЕУ (КТ)

Өтініштерді қабылдау	1-18 қараша
Тестілеу орны мен уақыты туралы ақпарат түсушінің жеке кабинетінде жарияланады	22 қараша
КТ өткізу мерзімі	28 қараша - 11 желтоқсан

- ✓ Өтініштерді қабылдау онлайн режимде [app.testcenter.kz](http://app.testcenter.kz) сайтында жүргізіледі;
- ✓ Тестілеу құны – 11020 тг.
- ✓ Тіркелу барысында түсуші тестілеу қаласын өздігінен таңдайды.

ТЕСТІЛЕУ ТҮРЛЕРІ	ТЕСТІЛЕУ БЛОКТАРЫ				ТЕСТІЛЕУ УАҚЫТЫ	АҚЫЛЫ ТҮРДЕ ОҚУҒА ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУ ҮШІН ШЕКТІ БАЛЛ
	ШЕТ ТІЛІ БОЙЫНША (50 СҰРАҚ)	ОҚУ ДАЙЫНДЫҒЫН АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН (30 СҰРАҚ)	БББ ТОБЫНЫҢ БЕЙІНІ БОЙЫНША (2 ПӘН) (50 СҰРАҚ)			
Ғылыми педагогикалық магистратураға	☑	☑	☑		3 сағат 55 минут	<b>75</b>
Шығармашылық дайындықты талап ететін БББ топтары бойынша магистратураға	☑	☑	-		2 сағат 05 минут	
Араб тілін білуді талап ететін БББ топтары бойынша магистратураға	-	☑	☑		2 сағат 40 минут	
Бейінді магистратураға	-	☑	☑		2 сағат 40 минут	<b>50</b>
ТЕСТІЛЕУ БЛОКТАРЫ БОЙЫНША ШЕКТІ БАЛЛ	<b>25</b>	<b>7</b>	<b>7</b>	<b>7</b>		

Ережелерді бұзғаны үшін тестілеуге жіберілмеген талапкерлер, сондай-ақ нәтижелері жойылған тұлғалар ағымдағы жылы тестілеуге жіберілмейді.

Білім беру грантын тағайындау бойынша конкурсқа өтініш бергенге дейін түсушіде Ұлттық білім беру деректер қорында (ҰБДҚ) «білім алушы» мәртебесі болмау керек.

2022 жылғы 20 шілдеден 10 тамызға дейінгі кезеңде өткізілген КТ сертификаты күнтізбелік жылдың 1 желтоқсанына дейін жарамды



Магистрлерді даярлауға арналған мемлекеттік білім беру гранттарының саны [testcenter.kz](http://testcenter.kz) сайтында Жаңалықтар бөлімінде жарияланған.

# ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУ ЕМТИХАНЫ (ДТЕ)

Өтініштерді қабылдау		1-18 қараша
Тестілеу орны мен уақыты туралы ақпарат түсушінің жеке кабинетінде жарияланады	Қосымша тестілеу	22 қараша
	Түсу емтиханы	29 қараша
Өткізу мерзімі	Қосымша тестілеу	28 қараша
	Түсу емтиханы	5-11 желтоқсан



Докторантураға өтініштерді қабылдау ЖЖОКБҰ арқылы жүзеге асырылады. Білім беру грантын тағайындау бойынша конкурсқа өтініш бергенге дейін түсушіде Ұлттық білім беру деректер қорында (ҰБДҚ) «білім алушы» мәртебесі болмау керек. Құжаттарды тапсыру кезінде түсуші 1 ЖЖОКБҰ және 1 БББТ көрсетеді.

Биылдан бастап түсушілер міндетті түрде ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша мемлекеттік тілді меңгергенін растайтын сертификат ұсынуы қажет.

- ✓ Өтініштерді қабылдау онлайн режимде [app.testcenter.kz](http://app.testcenter.kz) сайтында жүргізілді;
- ✓ Тестілеу құны -15804 тг
- ✓ Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуге қатысу құны - 10622 тг

**Ережелерді бұзғаны үшін тестілеуге жіберілмеген талапкерлер, сондай-ақ нәтижелері жойылған түсуші ағымдағы жылы түсу емтиханына жіберілмейді.**

**Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу 3 бөлімнен тұрады:**



- тыңдалым
- лексика-грамматикалық
- оқылым

**Тапсырма саны: 100**  
**Тестілеу уақыты: 125 минут**  
**Апелляция қарастырылмаған.**  
**Тестілеуден өту үшін кемінде 75 балл жинау керек.**

	ЕМТИХАН БЛОГЫ	БАЛЛ	ТАПСЫРУ УАҚЫТЫ	ТАПСЫРУ РЕТТІЛІГІ
1	Өңімелесу	20	20 минут	
2	Докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша	30	50 минут	ОДАТ блогын аяқтамай, басқа блоктарға көшу мүмкін емес.
3	Эссе	10	3 сағат 10 минут	Эссе жазу және БББТ бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап беру блоктарын орындау реттілігін түсуші өз еркімен таңдайды
4	Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары	40		
	<b>Барлығы</b>	<b>100</b>	<b>(4 сағат)</b>	

TOEFL ITP сертификаты бар адамдар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге қосымша тестілеуден өтеді. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу «өтті» немесе «өтпеді» нысанында бағаланады.

Тестілеуден өті үшін 75 баллдан жоғары жинау керек.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында PhD докторларын даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы [testcenter.kz](http://testcenter.kz) сайтында Жаңалықтар бөлімінде жарияланған.

# КТ-ҒА ЖӘНЕ ДТЕ ӨТІНІШТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ

1

APP.TESTCENTER.KZ  
САЙТЫНА КІРУ



*app.testcenter.kz  
сайтына кіреді және  
интерфейс тілін  
таңдайды;*

2

ЖҮЙЕГЕ  
ЭЛЕКТРОНДЫ  
ПОШТА АРҚЫЛЫ  
ТІРКЕЛУІ



*Ұлттық тестілеу  
орталығынан алған  
хатта міндетті түрде  
электрондық поштаны  
растау қажет*

3

АВТОРИЗАЦИЯДАН  
ӨТУ



*Логин мен пароль  
арқылы өтініштерді  
беру жүйесінде  
авторизациядан өтуі  
(логин мен пароль  
көрсетілген хатты  
өшіруге болмайды);*

4

ЖЕКЕ  
МӘЛІМЕТТЕР  
ЕНГІЗУ



*ЖСН көрсетіп, іздеу  
батырмасын басады  
(А.Т.Ә. автоматты  
түрде шығады) және  
байланыс телефон  
нөмірін көрсетуі;*

5

ӨТІНІШ БЕРУ



*«Өтініш беру» парақшасына өтіп,  
«Жоғары оқу орнынан кейінгі  
білімді» таңдау;  
- қажетті тестілеу түрін таңдау;  
- тіркеу үшін деректерін толтыру;  
- өткізу қағидаларымен танысып,  
келісетінін растау;  
- төлем жасау әдісін таңдап,  
тестілеуге төлем жасау қажет.*

**ӨТІНІШКЕ ӨЗГЕРІСТІ 18 ҚАРАШАҒА ДЕЙІН ТҮЗЕТУГЕ МҮМКІНДІК БЕРІЛЕДІ.**

# КТ-ҒА ЖӘНЕ ДТЕ ӨТІНІШТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ



Егер де түсушіге берілген өтінішке өзгеріс енгізу қажет болған жағдайда (тестілеу тапсыру қаласы, білім беру бағдарламаларының тобы, тестілеу тапсыру тілі), оларға өтініш беру базасы жабылғанға дейін (18 қарашаға дейін) түзетуге мүмкіндік беріледі.

## ӨТІНІШТІ ӨЗГЕРТУ ҮШІН:



Түсуші тестілеуге қатысудан бас тартқан жағдайда деректер базасы жабылғанға дейін жеке кабинетінен өзінің өтінішін өшіруі қажет.

Өтініштерді қабылдау базасы жабылғаннан кейін таңдалған білім беру бағдарламалары тобы мен тестілеу қаласы өзгертілмейді.